

2022 ЖЫЛЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ПЕДАГОГТЕРІН АТТЕСТАТТАУ ТӘРТІБІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІНІҢ
2016 ЖЫЛҒЫ 27 ҚАҢТАРДАҒЫ №83 БҰЙРЫҒЫНА 12.11.2021 ЖЫЛЫ
№ 561 БҰЙРЫҒЫМЕН ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ*

Дайындаған: Арынова Л.Т.

АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:

педагогтер үшін:

- 1) Біліктілік тестілеуі;
- 2) эссе;
- 3) біліктілік бағалауы;
- 4) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;

Білім беру ұйымдары басшысының орынбасарлары, басшының орынбасарлары және әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін:

- 1) біліктілік бағалауы;
- 2) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;
- 3) аттестаттау комиссиясының отырысында қызмет нәтижелерін көрсете отырып сұхбат жүргізу (өзін-өзі бағалау және комиссияның бағалауы сәйкес келмеген жағдайда);

Біліктілік тестілеуін өткізу тәртібі

Аттестаттаудың бірінші кезеңінде Біліктілік тестілеуі өткізіледі. Біліктілік тестілеуін тапсыру үшін педагог дипломда көрсетілген мамандығы немесе негізгі лауазымы бойынша Ұлттық тестілеу орталығына (бұдан әрі – ҰТО) немесе ол белгілеген ұйымға өтініш береді. Біліктілік тестілеуінен өтуге өтініш берген кезде педагогтер тапсыру тілін (мемлекеттік, орыс), күнін, уақытын таңдайды.

Біліктілік тестілеуі:

Педагогтер:

күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) рет – ақысыз;

күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) рет қайта өту ақылы негізде;

Мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш берген педагогтер:

күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) рет – ақысыз;

сынақ (педагогтің қалауы бойынша) – күнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде;

Өтініш беру

2 кезең бойынша жүзеге асырылады

- 1- кезең (қаңтар мен мамыр аралығында)
- 2-кезең (тамыз бен желтоқсан аралығында)

Мұғалімдер 5 жылда бір рет, басшылар мен орынбасарлар 3 жылда бір өтеді.

Мерзімінен бұрын өту үшін алдыңғы аттестаттаудан 2 жыл өткеннен кейін рұқсат.

Тестте ереже бұзу анықталса

- Педагог үшін 5 жылға дейін рұқсат жоқ
- Басшылар үшін 3 жылға дейін рұқсат жоқ.
- Егер тәртіп бұзып шығарылса қолда бар санатының барлығынан айырылады.
- Тестке кірерде бет- жүзіңізді электронды сәйкестендірумен өткізеді.
- Тест нәтижесін жеке кабинетіңізде 5 жылға дейін сақтау керек.

Аттестаттаудан кімдер босатылады?

- Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен аурулар, жұқпалы ауруы бар болса 1 жылға босатылады.
- Зейнетке шығуына 2 жылдан аз уақыт қалған педагогтер босатылады.
- Зейнетке шыққаннан кейін жалпы негізде өтеді, егер бас тартса санатсыз деңгейге түсіріледі.
- Декреттен шыққан мұғалім тест тапсырады, бірақ құжаттарын 1 жыл ішінде жинақтап өткізеді.
- Декреттен шыққандар аттестаттаудан босатылмайды, ұзартылмайды.



ПЕДАГОГТАРДЫ АТТЕСТАТТАУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІНЕ ӨТУ

Педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттары тағайындалады:
«педагог», «педагог-модератор»,
«педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші»,
«педагог-шебер»

Педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік санаттары **кезекті аттестаттау мерзіміне дейін қолданыста болады.**

Санаттарын жоғарылатқысы келетіндер жаңа жүйе бойынша аттестаттаудан өтуге **өтініш білдіреді**, ұлттық біліктілік тестін тапсырады

*Қолданыстағы
санаттар*



*Енгізілетін
санаттар*

Педагог-шебер

Жоғарғы
санат

баламасы

Педагог-
зерттеуші

Бірінші
санат

баламасы

Педагог-
сарапшы

Екінші
санат

баламасы

Педагог-
модератор

Санатсыз

баламасы

Педагог

Тиісті саланың уәкілетті органдарында, мемлекеттік органдардың бірінші басшысының бұйрығымен мынадай біліктілік санаттары үшін комиссиялар құрылады:

"педагог" – білім беру ұйымдарында;

"педагог-модератор« – ауданның білім бөлімі органдарында;

"педагог-сарапшы" және "педагог-зерттеуші", – облыстың білім беруді басқару органдарында;

"педагог-шебер" – білім беру саласындағы уәкілетті органның жанында.

Біліктілік тестілеуінің уақыты:

«Математика», «Физика», «Химия», «Информатика» пәндері үшін – 240 минутты;

«Мектепке дейінгі білім беру» және «Қосымша білім беру» бағыттары үшін – 120 минутты;

Өзге педагогтер үшін – 210 минутты құрайды.

Тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау келесі түрде жүзеге асырылады:

ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар үшін 1 балл, қалған жағдайларда нөл балл беріледі;

ұсынылған нұсқадан бірнеше дұрыс жауапты таңдайтын тапсырмалар үшін:

барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл;

жіберілген бір қате үшін – 1 балл;

екі және одан да көп қателіктер үшін – нөл балл.

ҰТО Біліктілік тестілеуінен өткен тестіленушілердің электрондық деректер базасын бес (5) жыл бойы сақтауды қамтамасыз етеді.

ҰТО өңірлік білім басқармаларына және білім беру саласындағы уәкілетті органға тестілеу нәтижелері бар электрондық сертификаттарды және эсселердің болуын тексеру үшін қолжетімділік береді.

Эссе жазу тәртібі

Тестілеу аяқталған соң педагог эссе жазады.

Берілетін уақыт – 30 минут.

Қолданылатын сөз саны – 250-300 сөз.

Жыл сайын эссе тақырыбын білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайды.

Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетінде ngt.testcenter.kz сілтемесі бойынша көрсетіледі.
Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетіне жолданады.

Тестте балыңыз жетпей қалса

- Тест тапсыру залынан шықпай апелляцияға беру керек. Шыққаннан кейін қабылданбайды.
- Балл жетпесе қолда бар біліктілігіңіздің мерзімі өткенше жарайды, одан кейін бір санатқа түсіріледі.
- Бұрынғы ескі санаттары (екінші, бірінші, жоғары) бар педагогтер тесттен өтпей қалса мерзімі өткенге дейін жарамды одан кейін санатсыз деңгейге түсіріледі.
- Бір жыл ішінде 1 рет тегін , сол жылдың ішінде қайта тапсыру ақылы. Мерзімінен бұрын тегін.

Қаңтар-мамыр (тамыз-желтоқсан) аттестаттау кезінде педагогке біліктілік санатын беру (растау) үшін оны кезекті аттестаттау кезінде өтініш берілген санат бойынша балдар саны жеткіліксіз болса, *біліктілік санаты мерзімі аяқталғанға дейін сақталады*, одан әрі біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді.

Бұл біліктілік санаты аттестаттаудың келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) кезеңіне дейін сақталады. Келесі аттестаттау кезеңінде педагог Біліктілік тестілеуінен өткеннен кейін бастапқыда өтініш берілген біліктілік санаты бойынша аттестаттаудан өтеді.

Педагог тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңінде біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті аттестаттау үшін өтінішті уақытылы бермеген жағдайда, біліктілік санаты «педагог» біліктілік санатына дейін төмендетіледі. Осы біліктілік санаты келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңіне дейін сақталады.

Келесі аттестаттау кезеңінде педагог № 338 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес біліктілік санатына аттестаттаудан өтеді.

«Екінші», «бірінші», «жоғары» санаттары бар педагог қаңтар-мамыр (тамыз-желтоқсан) аттестаттау кезеңінде өтініш берілген санатқа балдар саны жеткіліксіз болған жағдайда, біліктілік санаты оның мерзімі өткенге дейін сақталады, бұдан әрі – «педагог» санатына дейін төмендетіледі. Осы біліктілік санаты келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) аттестаттау кезеңіне дейін сақталады.

Келесі аттестаттау кезеңінде педагог № 338 бұйрықпен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес біліктілік санатына аттестаттаудан өтеді.

Мынадай балл алған жағдайда тестілеу нәтижесі оң болып саналады:

Санат	Блок	Пәндер бойынша балл	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балл)
Педагог	Оқыту пәнінің мазмұны	70	50%	35
	Педагогика, оқыту әдістемесі	30	30%	9
Педагог-модератор	Оқыту пәнінің мазмұны	70	60%	42
	Педагогика, оқыту әдістемесі	70	40%	12
Педагог-сарапшы	Оқыту пәнінің мазмұны	70	70%	49
	Педагогика, оқыту әдістемесі	30	50%	15
Педагог-зерттеуші	Оқыту пәнінің мазмұны	70	80%	56
	Педагогика, оқыту әдістемесі	30	60%	18
Педагог-шебер	Оқыту пәнінің мазмұны	70	90%	63
	Педагогика, оқыту әдістемесі	30	70%	21

Қандай мұғалімдер автоматты түрде санат ала алады?

- Президент кадрындағы, «болашақ» бағдарламасының түлектері жұмысқа орналасу сәтінен 5 жылға кешіктірілмей «педагог-сарапшы» санаты беріледі.
- «Clil» әдістемесі, шет тілін меңгеру бойынша сертификаттары бар (ағылшын, неміс, француз) педагогикалық рәсімнен өтпей «педагог-модератор» санаты беріледі.

Біліктілік санаты	Ағылшын тілі: айелтс (IELTS)	Ағылшын тілі: тойфл (TOEFL)	Француз тілі: дельф (DELFI)	Неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat)
«Педагог-модератор»	6,5 балл	60-65 балл	C1	C1
«Педагог-сарапшы»	6,5 балл	66-78 балл	C1	C1
«Педагог-зерттеуші»	7 балл	79-95 балл	C2	C2
«Педагог-шебер»	7,5 балл	96-110 балл	C2	C2

Педагогтың кәсіби құзіреттілігі



Педагог – модератордың кәсіби құзіреттілігі



Педагог – сарапшының кәсіби құзіреттілігі

Кәсіби білімдер мен
дағдылар
Оқытудың тиімділігі

Пән бойынша оқу-
әдістемелік
жұмысты талдау
дағдыларына ие

Оқушының жеке
тұлғасын
дамытудың
психологиялық-
педагогикалық
білімдері мен
дағдылары

Оқушылардың
қабілеттерін
ескерумен оқытуда
саралап оқытуды іске
асырады

Педагогикалық
қоғамдастықта
тиімді өзара
әрекеттестік құру
дағдылары

Тәлімгерлікті
жүзеге асырады
және өзінің,
әріптестерінің
кәсіби дамуы
басымдылықтарын
құрылымдық түрде
анықтайды

Компьютерлік
сауаттылық және
АҚТ
құзыреттілігі

Білім беру
ресурстарын
талдау
дағдыларына ие

Педагог – зерттеушінің кәсіби құзіреттілігі

Кәсіби білімдер мен
дағдылар
Оқытудың тиімділігі

Оқушының жеке
тұлғасын
дамытудың
психологиялық-
педагогикалық
білімдері мен
дағдылары

Педагогикалық
қоғамдастықта
тиімді өзара
әрекеттестік құру
дағдылары

Компьютерлік
сауаттылық және
АҚТ
құзыреттілігі

Оқу
бағдарламаларын,
оқыту, тәрбиелеу
және бағалау
әдістемесін әзірлеу
қабілеттеріне ие

Оқушылардың
зерттеу дағдыларын
дамытуды
қамтамасыз етеді,
облыстық,
республикалық
олимпиадалардың,
байқаулардың
жеңімпаздарына ие

Тәлімгерлікті жүзеге
асырады және
педагогикалық
қоғамдастықта дамытудың
стратегияларын
құрылымдық түрде
анықтайды, мектептердің,
аудандардың әдістемелік
бірлестіктерінің жетекшісі
болып табылады

Білім беру
ресурстарын
әзірлеу
дағдыларына ие,
СБР белсенді
қолданады

Педагог – шебердің кәсіби құзіреттілігі

Кәсіби білімдер мен
дағдылар
Оқытудың тиімділігі

Оқушының жеке
тұлғасын
дамытудың
психологиялық-
педагогикалық
білімдері мен
дағдылары

Педагогикалық
қоғамдастықта
тиімді өзара
әрекеттестік құру
дағдылары

Компьютерлік
сауаттылық және
АКТ
құзыреттілігі

Авторлық бағдарламасы бар
немесе республикалық дәрежеде
мақұлданған және таратылған
шығарылған оқулықтардың /
оқу-әдістемелік құралдардың /
монографиялардың / жобалық
жұмыстардың авторы (қос
авторы) болып табылады,
пәндерді ағылшын тілінде
оқытады, республикалық,
халықаралық байқаулардың
қатысушысы болып табылады

Ғылыми жобалау
дағдыларын
дамытуды
қамтамасыз етеді,
республикалық,
халықаралық
олимпиадалардың,
байқаулардың
жеңімпаздарына ие

Тәлімгерлікті жүзеге
асырады және кәсіби
қоғамдастық желісінің
дамуы стратегиясын
болжамдайды, ауданның,
қаланың, облыстың
әдістемелік
бірлестіктерінің
жетекшісі, пән бойынша
модератор болып
табылады

Білім беру
ресурстарын
талдау
дағдыларына ие,
СБР әзірлеушісі
болып табылады,
оларды белсенді
қолданады

Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
Бейне сабақ -2. Ұзақтығы 10-15 минут Негізгі талап: монтажсыз аудио- видео желімдеусіз . Орынбасардың немесе әдіскердің сабақты талдау парағымен . Ағымдағы оқу жылында	Бейне сабақ -3. Ұзақтығы 10-15 минут Негізгі талап: монтажсыз аудио- видео желімдеусіз . Орынбасардың немесе әдіскердің сабақты талдау парағымен Ағымдағы оқу жылында	Бейне сабақ -3. Ұзақтығы 10-15 минут Негізгі талап: монтажсыз аудио- видео желімдеусіз . Орынбасардың немесе әдіскердің сабақты талдау парағымен Ағымдағы оқу жылында	Бейне сабақ -3. Ұзақтығы 10 -15минут Негізгі талап: монтажсыз аудио- видео желімдеусіз . Орынбасардың немесе әдіскердің сабақты талдау парағымен Ағымдағы оқу жылында

Сабақтың бейне жазбасына қойылатын талаптар

- Аттестатталушының аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы, тобы, оқу мақсаттары, сабақ тақырыбы көрсетіледі;
- Су белгілері, бөгде жазулар мен жарнама болмаса; сыртқы дыбыстық шу болмау керек;
- Ұсынылатын бейне сабақ ажыратылымдылығы 1280x720 (720p)
- Сөйлеу қазіргі қазақ, орыс немесе шет тілінің нормаларына сәйкес (мысалы ағылшын тілі сабақтарында)

**БИЫЛҒЫ АТТЕСТАТТАУДАН
ӨТЕТІН ҰСТАЗДАРЫМЫЗҒА
СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ!**